

		Нысанның БКСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО _____
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы «30 » мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017/е нысанды медициналық құжаттама
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы Қаратау ауданы ҚДСБ Наименование государственного органа санитарно-эпидемиологической службы УООЗ Каратауского района г.Шымкент		Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от « 30 » мая 2015 года №415

**Санитариялық-эпидемиологиялық
ҚОРЫТЫНДЫ
Санитарно-эпидемиологическое
ЗАКЛЮЧЕНИЕ**

№ 52
« 05 » 05. 2019 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)
«Бакжан» мектепке дейінгі шағын-орталық ЖШС «Бағым» филиалы.

(пайдалануға берілетін немесе қайта жанартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) өтініш 03.05.2019 ж. кіріс №574.

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) **«Бакжан» мектепке дейінгі шағын-орталық ЖШС «Бағым» филиалының** менгерушісі **А.А.Түймебаева** БСН:161141010139 Шымкент қаласы

Қаратау ауданы, Қайтпас м.а., Ақбаев көшесі №26 үй мекенжайда орналасқан.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы. (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

«Бакжан» мектепке дейінгі шағын-орталық ЖШС «Бағым» филиалы Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас м.а., Ақбаев көшесі №26 үй мекенжайда орналасқан.

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельности) білім беру саласы

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны) (подготовлены) кажет етпейді

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) өтініш 03.05.2019 ж. кіріс №574

Су үлгінің микробиологиялық зерттеудің хаттамасы, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы, метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, жарықты өлшеу хаттамасы.

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) кажет етпейді.

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) кажет етпейді.

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге)
(Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий,

технологий, производств, продукции)

Бакжан» мектепке дейінгі шағын-орталық ЖШС «Бағым» филиалы Шымкент қаласы, Каратау ауданы Кайтпас мөлтек ауданы, Акбаев көшесі №26 үйдегі мекенжайда екі қабатты ыңғайластырылған және бір қабатты қосымша ғимараттан орналасқан. Аумағы толығымен қоршалған. Ғимарат ауласы шаруашылық және ойын алаңшалары болып бөлінген, жауын-шашыннан қорғау үшін қалқалар қарастырылған үш жағынан қоршалған. Шаруашылық бөлігіне кіретін жол бетондалған. Дезинфекция, дезинсекция, дератизациялау шараларын жүргізуге ҚР ДСМ ҚДСД «Ұлттық сараптама орталығымен» №000032 13.12.18 жыл және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға мамандандырылған арнайы мекемемен «Спецавтотранспорт» №786 03.01.2019 жыл келісім-шарт түзілген. Шаруашылық бөлігінде тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған 2 қоқыс жинағыш контейнер бар, үш жағынан қоршалған тазалау және дезинфекциялау үшін су өткізбейтін төсемі бар алаңға орнатылған. Нысан ғимаратының ауыз су жүйесі орталықтандырылған. Лас су жүйесі балабақшаның шаруашылық аймағында жергілікті септик қарастырылған, сарқынды суды қабылдауды гидравикалық бекітпесі (сифон) бар қақпақпен жабдықталған. Жылу жүйесі автономды, жергілікті қазандық арқылы, газбен жылыту көзделген. Бала-бақша ғимаратында ойын, жатын бөлмелері, шешінетін бөлмелер, санитарлық торап, буфетке арналған орын қарастырылған. Ғимараттың жалпы алаңы—778,6 ш.м., құрайды. (Бала сыйымдылығы-110 балаға)Топтар құрамында: ойын бөлмесі және жатын бөлмесі- 87,0 ш.м, 75,0 ш.м, 33,2 ш.м, 28,0 ш.м, 75,5 ш.м, 20,9 ш.м, 31,3 ш.м 73,1ш.м ,24,6 ш.м,19,0 ш.м,31,6 ш.м, 20,0 ш.м, қарастырылған. Санитариялық тораптар әр топқа жеке-жеке қарастырылған (16,0ш.м). Жарықтану жасанды және табиғи, жасанды жарық көзі жабық плафонды электр қуатын сақтайтын шамдар арқылы орнатылған. Желдету жүйесі (есік және терезе арқылы) қарастырылған. Топтағы санитариялық тораптарда ауаны сорып шығаратын желдету каналдары көзделген. Бөлмелердің ішкі әрленуі: топтардағы ойын бөлмесі, жатын бөлмесі қабырғалары және төбесі сулы эмульсия бояуымен боялған,еденінің беті тегіс ылғалды тәсілмен өңдеуге қолайлы. Санитарлық тораптың қабырғалары мен едендері кафельмен қапталған, қолжуғыш, унитаздар орнатылған. Иілгіш шлангідегі себезгі торы бар табандықтар, түбектерге арналған бөлек уяшықтары және шкафтар орнатылған. Балаларға арналған киім шешетін шкафтар, кереуеттер, жинау мүкамалдары қарастырылған және арнайы орын бөлінген. Буфет-тарату бөлмесі қарастырылған. Ылғалды жууға және залалсыздандыруға төзімді гигиеналық қаптаулар қарастырылған. Төсек жабдықтарымен кереуеттер орнатылған, төсек жаймалары әр балаға 3 жиын есебінен жеткілікті етіп қарастырылған. Ойыншықтардың фирмалардан қауіпсіздігін растайтын ілеспе құжаттары алынған. Ойыншықтарды жууға және өңдеуге арналған ыдыстар таңбаланған. Балалардың төсек-орын жабдықтары және жеке гигиена заттары жеткілікті. Тазалау құралдарын сақтауға арналған жеке үй-жай (арнайы орын) қарастырылған, белгі соғылған. Төсек жабдықтарын және персоналдың арнайы киімін жуу үшін кір жуу орны қосымша ғимаратта орналасқан, санитариялық талаптарға сай.

Асхана балабақшаның қосымша ғимаратында орналасқан. Жылу жүйесі—автономды, жергілікті қазандық арқылы жылыту көзделген. Жарықтануы-жасанды және табиғи. Жасанды жарық көзі жабық плафонды электр қуатын сақтайтын шамдар. Желдету-табиғи (есік, терезелер) арқылы. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстіне механикалық түрде іске қосылатын желдету сыртқа тарату шатырлары көзделген. Асханада шикі өнімдерді, дайын өнімдерді, ас үй ыдыстарын жуатын орын, ас тарату аймағы қарастырылған. Асхана жабдықтарының саны мен түрі жобалық қуаттылығына сай жеткілікті. Асхана жабдықтарына керекті технологиялық және тоназытқыш жабдықтарымен жабдықталған, бір отыратын орынға үш жиын есебінен асхана ыдысымен және аспаптарымен қамтылған. Ыдыс жууға екі секциялы жуғыштар орнатылған. Ыстық суға газ қондырғысы қарастырылған. Азық-түлік өнімдерін, көкөністерді сақтауға қойма үй-жайлары қарастырылған. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын (сертификаттар, ветеринариялық-санитариялық сараптама) құжаттары бар болған жағдайда жүзеге асырылады.

